2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	<p>Өткізілген зерттеулердің нәтижелері жүйелендірілген жүрек оңалту бағдарламасының жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарды қалпына келтіруде практикалық медицинада тиімді қолданылатынын көрсетті. Бұл күрделі кардиохирургиялық араласудан кейін ағзада пайда болатын көпқырлы және әртүрлі</p>

			<p>патофизиологиялық өзгерістермен байланысты. Ағза өзінің функционалдық қорғаныс тетіктерін белсендіру арқылы операцияға дейінгі және операциядан кейінгі кезеңдерде (сондай-ақ қалпына келудің кейінгі сатыларында да байқалуы мүмкін) әртүрлі патологиялық үдерістер мен асқынуларды туындатуы ықтимал. Осы өзгерістерді еңсеру, сондай-ақ ерте және кеш операциядан кейінгі асқынулардың алдын алу кардиореабилитацияның кешенді шараларының клиникалық тиімділігін айқындайды. Осы тұрғыдан алғанда, зерттеу нәтижелері кардиохирургия мен кардиологияның дамуына елеулі үлес қосады.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <p><b>1) жоғары;</b></p> <p>2) орташа;</p> <p>3) төмен;</p> <p>4) өзі жазбаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмысты орындаудың барлық кезеңдері докторант тарапынан үшінші тұлғалардың қатысуынсыз толықтай дербес жүзеге асырылды. Ізденуші ғылыми-зерттеу қызметінің толық циклін орындады: бастапқы материалдарды жинаудан, іріктемені қалыптастыру мен ақпаратты жүйелеуден бастап, алынған деректерді жан-жақты талдамалық өңдеуге дейін. Докторант заманауи математикалық-статистикалық талдау әдістерін қолдана отырып, зерттеу нәтижелерінің статистикалық өңдеуін өз бетінше жүргізді, анықталған заңдылықтарды интерпретациялап, ғылыми негізделген тұжырымдар дайындады. Зерттеуде ерекше орын ашық жүрек операцияларын өткерген пациенттерді сауалнамалау үдерісіне берілді, оның мақсаты – операциядан кейінгі кезеңдегі</p>

олардың өмір санын жан-жақты бағалау. Докторант деректерді жинау құралдарын өздігінен әзірлеп, сауалнамаларды жүргізіп, анкеталардың дұрыс толтырылуын қамтамасыз етті, сондай-ақ алынған жауаптарға терең талдау жасап, оларды клиникалық көрсеткіштермен салыстырды. Диссертация құрылымы ішкі үйлесімділігімен және логикалық аяқталғандығымен ерекшеленеді: жұмыстың тараулары ғылыми ізденістің кезеңдерін – мәселенің теориялық негізделуінен бастап алынған нәтижелердің практикалық іске асырылуына дейін – дәйекті және өзара байланыста ашады. Жұмыстың мазмұны жүйелі түрде, дәлелді баяндалған және осындай деңгейдегі диссертациялық зерттеулерге қойылатын қолданыстағы ғылыми-әдістемелік талаптарға толық сәйкес келеді.

4. Ішкі бірлік принципі

- 4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:
- 1) негізделген;
  - 2) ішінара негізделген;
  - 3) негізделмеген.

Докторант Байболова Молдир Канатқызының «Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүрек оңалтуының жүйелі бағдарламасындағы жаттығулардың әдістемелік аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысының өзектілігі күмән тудырмайды. Кардиохирургиялық науқастарды кезең-кезеңімен емдеу және оңалту үдерісін дұрыс ұйымдастыру мүгедектік жиілігін төмендетуге, уақытша еңбекке жарамсыздық мерзімін қысқартуға, қайталама жедел миокард инфарктінің даму қаупін азайтуға, сондай-ақ тыныш стенокардия, созылмалы жүрек жеткіліксіздігі және аритмия сияқты

		<p>асқынулардың алдын алуға мүмкіндік береді. Жүрек оналтуының тиімділігі метаболикалық эквиваленттің шамамен 33%-ға, ал оттегіні максималды тұтынудың 16%-ға артуы арқылы дәлелденеді. Жаттығуларды орындаудың нәтижесінде байқалатын бұл оң өзгерістер науқастарды өмір сапасының жақсаруымен және жүрек-қантамыр жүйесінің клиникалық көрсеткіштерінің тұрақтануымен тығыз байланысты. Осыған байланысты қауіп факторларын басқару және кардиореабилитация бағдарламаларын қолдану жүрек-қантамыр аурулары бар пациенттерге көрсетілетін көмектің маңызды әрі тиімді құрамдас бөлігі болып табылады.</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p>	<p>2007 жылдан бастап Қазақстан Республикасында кардиология және кардиохирургия бағыттарының қарқынды дамуы жүрек-қантамыр ауруларынан болатын өлім-жітім көрсеткіштерінің төмендеуіне алып келді. Сонымен қатар диагностиканың жақсаруына байланысты жүрек-қантамыр патологиясының анықталу деңгейі артты. Аурушандықтың өсуіне орай емдеу технологияларының мүмкіндіктері де кеңейді: республикадағы 16 облыстық орталықта кардиохирургиялық орталықтардың ашылуы ашық жүрекке жасалатын операциялар санының едәуір артуына, соның нәтижесінде кардиореабилитациялық шаралардың көлемінің кеңеюіне ықпал етті. Дегенмен, ел өңірлерінде реабилитациялық емдеумен</p>
	<p><b>1) айқындайды;</b></p>	
	<p>2) ішінара айқындайды;</p>	
	<p>3) айқындамайды.</p>	

айналысатын медициналық ұйымдар үшін Денсаулық сақтау министрлігі бірыңғай диагностикалық және емдеу хаттамаларын ұсынғанына қарамастан, бұл құжаттарда жаттығулардың нақты құрылымы, түрлері, жиілігі мен ұзақтығы, сондай-ақ олардың әсері мен тиімділігі көрсетілмеген. Осы себепті әрбір медициналық мекеме оңалту жаттығулар бағдарламасын өз бетінше әзірлей бастады. Осыған байланысты шетелдің жетекші клиникалары, ғылыми орталықтары және беделді емдеу мекемелерінің ұсынымдары негізінде әдебиеттерге талдау жүргізіліп, нәтижесінде ең жиі қолданылатын және мазмұны жағынан ұқсас жаттығулар іріктелді. Әдебиеттерге жасалған шолу зерттеліп отырған мәселе жөніндегі қазіргі заманғы көзқарастарды қамтиды, бұл докторанттың тақырыпты зерделеуге айрықша көңіл бөлгенін және отандық пен шетелдік дереккөздерге жүргізілген талдаудың кең ауқымын көрсетеді.

4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:

**1) сәйкес келеді;**

2) ішінара сәйкес келеді;

3) сәйкес келмейді.

Қойылған мақсаттардың орындалуы және зерттеу міндеттерінің бірізді шешілуі барысында диссертант диссертациялық жұмыстың мазмұнын толық және терең ашып көрсетеді. «Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүрек оңалтуының жүйелі бағдарламасындағы жаттығулардың әдістемелік аспектілері» тақырыбы жан-жақты, кешенді және ғылыми тұрғыдан негізделген түрде ұсынылған. Автор әзірленген бағдарламаның теориялық негіздерін егжей-тегжейлі баяндап қана

қоймай, оның клиникалық, функционалдық, ұйымдастырушылық және әдіснамалық құрамдастарын қамтитын көпдеңгейлі талдауын жүргізеді. Диссертацияда қойылған мәселе, таңдалған зерттеу әдістері, алынған нәтижелерді интерпретациялау және олардың практикалық маңыздылығы арасындағы логикалық өзара байланыс айқын көрініс табады. Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарға арналған оңалтудың барлық негізгі аспектілері — жүйеленген жаттығу бағдарламасының қажеттілігін негіздеуден бастап оның тиімділігін бағалауға дейін — дәйекті, ғылыми тұрғыдан дәл және жеткілікті көлемде ашылған. Осының нәтижесінде зерттеу логикалық тұрғыдан жүйеленген, әдіснамалық негізделген сипатқа ие болып, диссертанттың жоғары кәсіби даярлығын және ғылыми жұмыстың сапалы орындалғанын дәлелдейді.

4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:

1) толық байланысқан;

2) ішінара байланысқан;

3) байланыс жоқ.

Диссертацияда алынған нәтижелер ішкі логикалық тұтастығымен ерекшеленеді. Автор зерттеу құрылымын мұқият ойластырып, оны кіріспе, әдебиетке шолу, зерттеу материалдары мен әдістері, зерттеу нәтижелері және қорытынды бөлімдері бойынша жүйелі түрде ұйымдастырған. «Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүрек оңалтуының жүйелі бағдарламасындағы жаттығулардың әдістемелік аспектілері» тақырыбындағы диссертацияның барлық тараулары мен қағидалары өзара логикалық байланыста үйлесімді берілген. Жоғарыда келтірілген

			<p>деректерге сүйене отырып, жүргізілген зерттеуден алынған ғылыми нәтижелер, тұжырымдар мен практикалық ұсынымдардың дәлелді әрі сенімді екендігін толық негізбен айтуға болады.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p>	<p>Автор жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарға арналған жүрек оңалтуын жүргізуге ең оңтайлы дене жаттығуларын іріктеп, оларды жүйелендірді. Сонымен қатар осы жүйелендірілген жаттығулардың тиімділігі, стационар деңгейінде қолдану жеңілдігі, операциядан кейінгі пациенттердің өмір сапасын жақсартуы, жалпы денсаулық жағдайы мен психологиялық мәртебесін көтеруі дәлелденді. Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарға арналған жүйелендірілген жаттығулар практикалық медицинаға енгізілді. Бұдан бөлек, зерттеу барысында автор алынған нәтижелерді сыни тұрғыдан талдап, отандық және шетелдік басылымдарда ғылыми мақалалар жариялады. Ұсынылған зерттеудің артықшылықтары деректер мен статистикалық талдау нәтижелеріне сүйене отырып ғылыми түрде негізделген.</p>
		<p><b>1) сыни талдау бар;</b></p>	
		<p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p>	
		<p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p>	
		<p>4) талдау жоқ.</p>	
<p>5.</p>	<p>Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p>	<p>Диссертациялық зерттеудің ғылыми нәтижелері мен практикалық ұсынымдары жоғары дәрежедегі жаңашылдығымен ерекшеленеді, себебі отандық клиникалық тәжірибеде алғаш рет жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарға арналған құрылымданған жүрек оңалту бағдарламасы аясында жаттығуларды орындаудың әдіснамалық негіздері кешенді түрде</p>
		<p><b>1) толығымен жаңа;</b></p>	
		<p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p>	
		<p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	

жүйелендірілді. Автор әдістемелік тәсілдерді әзірлеп қана қоймай, олардың қажеттілігін дәйекті түрде негіздеп, оналту үдерісін құру қағидағтарын, жаттығуларды таңдаудың критерийлерін, олардың қарқындылығы, жиілігі мен ұзақтығын, сондай-ақ бақылау параметрлері мен тиімділікті бағалау жолдарын айқындады. Зерттеудің маңызды қыры – жаттығулардың клиникалық тиімділігі практикалық денсаулық сақтау жағдайларында дәлелденгендігі. Диссертант әзірленген бағдарламаның жүрек-қан тамыр жүйесінің функционалдық жағдайына, физикалық жүктемеге төзімділікке, реабилитациялық дайындық деңгейіне және пациенттердің қалпына келу жылдамдығына әсерін жан-жақты бағалады. Физиологиялық әсерлерімен қатар, автор жаттығуларды орындаудың ерекшеліктерін жеке клиникалық көрсеткіштерді, қауіп факторларын және пациенттердің қажеттіліктерін ескере отырып терең талдады. Жүйелендірілген оналтудың өмір сапасына әсерін зерттеу де айрықша мәнге ие. Зерттеу нәтижелері физикалық функциялардың, әлеуметтік белсенділіктің, эмоционалдық әл-ауқаттың және пациенттердің психологиялық тұрақтылығының едәуір жақсарғанын көрсетті. Жүйелендірілген оналту бағдарламасын енгізу мазасыздық деңгейінің төмендеуіне, отадан кейінгі бейімделудің жақсаруына, сондай-ақ өмір салтын өзгерту жөніндегі ұсынымдарды сақтау мотивациясының артуына оң ықпал ететіні ғылыми негізделген түрде

дәлелденді. Осылайша, диссертациялық жұмыс клиникалық практикаға инновациялық реабилитациялық тәсілдерді енгізуге мүмкіндік беретін ғылыми-тәжірибелік база қалыптастырып, Қазақстан Республикасында кардиореабилитациялық көмекті одан әрі жетілдіру үшін ұсынылған ұсынымдардың жоғары маңыздылығын айқын көрсетеді.

5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?

1) толығымен жаңа;

2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);

3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).

Диссертациялық жұмыстың қорытындылары ғылыми жаңашылдығымен ерекшеленеді, өйткені зерттеу барысында алғаш рет жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарға арналған жүйелі бағдарламасындағы жаттығуларды әзірленіп, клиникалық тұрғыдан апробациядан өткізілді. Алынған деректер алты ай бойы жаттығулардың ұзақтығының айтарлықтай артқанын, 6 минуттық жүру тесті нәтижелерінің жақсарғанын, ауырсыну синдромының едәуір төмендегенін және пациенттердің психоэмоционалдық жағдайын қоса алғанда, өмір сапасының жақсарғанын көрсетті. Сонымен қатар жүйелі түрде таңдалған дене жаттығулары науқастардың физикалық белсенділігін және жалпы өзін-өзі сезінуін арттырды. Жұмыс нәтижелері енгізу актілерімен және авторлық құқық куәліктерімен расталған, бұл олардың практикалық маңыздылығы мен түпнұсқалығын айқындайды. Осылайша, зерттеу қорытындылары жаңашыл сипатқа ие болып, оңалту әдістерін дамытуға дербес үлес қосады.

		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p> <p>1) <b>толығымен жаңа;</b></p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарға арналған арнайы әзірленген жүйелендірілген оңалту бағдарламасын кешенді зерттеу, әдебиеттерді талдау, клиникалық бақылаулар және енгізу нәтижелері негізінде диссертацияда ұсынылған техникалық, технологиялық және ұйымдастырушылық шешімдердің жоғары дәрежеде жаңашылдығын айқындауға болады. Барлық ұсынылған тәсілдер алғаш рет жүйелендіріліп, клиникалық тиімділік тұрғысынан негізделген, олардың пациенттердің физикалық белсенділігіне, өмір сапасына және психоэмоционалдық жағдайына әсері практикалық тәжірибеде расталған. Сонымен қатар, алынған авторлық куәліктер мен енгізу актілері әзірленген әдістемелер мен ұйымдастырушылық шешімдердің қазіргі заманғы ғылыми талаптарға сай екенін және кардиология мен реабилитациялық медицина практикасына тиімді қолданылуы мүмкін екенін дәлелдейді. Осылайша, зерттеу нәтижелері толық жаңашыл сипатқа ие болып, айтарлықтай ғылыми-тәжірибелік маңыздылыққа ие.</p>
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <b>негізделген</b> /негізделмеген (qualitative research (куолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациялық жұмыстың барлық негізгі қорытындылары мықты ғылыми дәлелдерге толық негізделген және мұқият негізделген. Олар клиникалық бақылау нәтижелерімен, алынған деректердің статистикалық өңдеуімен, халықаралық және отандық зерттеулермен салыстыру арқылы, сондай-ақ ашық жүрек операцияларын өткерген пациенттерге арналған әзірленген

			кардиореабилитация бағдарламасын практикалық енгізу нәтижелерімен расталған. Мұндай кешенді тәсіл қорытындылардың сенімділігін, негізділігін және ғылыми маңыздылығын қамтамасыз етеді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	<p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p><b>1) дәлелденді;</b></p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p><b>2) жоқ;</b></p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p><b>1) ия;</b></p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p><b>3) кең</b></p> <p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p><b>1) ия;</b></p>	<p>Қорғауға 4 негізгі ұстаным шығарылды:</p> <p>1. Жүрекке ашық отадан кейін науқастарда жүрек оңалтуын жүргізу үшін оңтайлы физикалық жаттығуларды таңдап, содан кейін оларды жүйелеу қажет етеді.</p> <p>2. Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүректі оңалту бағдарламасын жүргізу кезінде оңтайлы жүйеленген физикалық жаттығулар тиімді және аурухана деңгейінде оңай орындалады.</p> <p>3. Жүйеленген дене жаттығуларымен жүрек оңалтуы бағдарламасын жүргізу кезінде жүрекке ашық отадан кейінгі науқастардың өмір сүру сапасы жақсарады.</p> <p>4. Дұрыс таңдалған физикалық жаттығулар стерномедиастиниттен кейінгі науқастардың жаттығуы мен физикалық белсенділігін жақсартады, сонымен қатар жалпы денсаулық пен психологиялық статусты арттырады.</p> <p>Қорғауға шығарылған төрт ұстаным да жоғары импакт-факторлы халықаралық рецензияланған журналдарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім беру және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарияланған. Олар ғылыми дәлелденген, жаңашыл, қарапайым емес және ересек кардиология саласында кең қолдануға ие,</p>

		2) жоқ	автордың өз жарияланымдарында ұсынылған.
		3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
8.	Дәйектілік қағидаты.	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Осы диссертациялық жұмыста қолданылған зерттеу әдістемесі толық негізделген және зерттеудің қойылған мақсаттары мен міндеттеріне толығымен сәйкес келеді. Таңдалған зерттеу әдістері егжей-тегжейлі сипатталған және кестелер, графиктер, диаграммалар және басқа да визуалды материалдар арқылы көрнекі түрде ұсынылған, бұл оқырманға ғылыми талдау үдерісін айқын қадағалауға және қолданылған тәсілдердің дұрыстығын бағалауға мүмкіндік береді. Зерттеу дизайны заманауи ғылыми практика талаптарына сәйкес әзірленген, бұл оның клиникалық және эксперименттік зерттеулер стандарттарына сай болуын қамтамасыз етеді. Алынған деректерді статистикалық өңдеу жоғары деңгейде орындалған: нақты формулалар, талдау алгоритмдері және қолданылған әдістердің дұрыстығын және сенімділігін растайтын беделді әдебиеттерге сілтемелер берілген. Мұндай кешенді және жүйелі тәсіл зерттеуді ұйымдастыруда алынған нәтижелердің сенімділігін, қайта өндірілетіндігін және жұмыстың жалпы ғылыми құндылығын қамтамасыз етеді.
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	1) ия;	
		2) жоқ.	
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Статистикалық талдау Microsoft Excel 2007–2010 (Microsoft Corp., АҚШ) бағдарламалық қамтамасыздандыруы және STATISTICA (StatSoft, АҚШ) қолданбалы статистикалық пакеті арқылы жүргізілді. Сапалық сипаттамалар абсолюттік жиіліктер және

	<p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>пайыздық үлестер түрінде ұсынылды. Нормалды таралған сандық көрсеткіштер орташа арифметикалық мән <math>\pm</math> стандарттық ауытқу (<math>m \pm SD</math>) түрінде берілді. Нормалды емес таралған сандық көрсеткіштер медиана (бірінші және үшінші квантиль) арқылы сипатталды — <math>Md (Q1-Q3)</math>. Сандық деректердің нормалды таралу заңдылықтарын бағалау үшін Колмогоров–Смирнов критерийі қолданылып, Бонферрони түзетулері енгізілді.</p>
	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p>	<p>Диссертациялық жұмыста қалыптастырылған теориялық қорытындылар, сондай-ақ негізгі ұстанымдар, анықталған заңдылықтар мен орнатылған өзара байланыстар жоғары ғылыми негізделген сипатқа ие. Жұмыста берілген барлық ұстанымдар зерттеудің қойылған мақсаттары мен міндеттерінен логикалық түрде туындайды және жүргізілген эксперименттер мен бақылаулар нәтижелерімен кезең-кезеңімен расталады. Анықталған заңдылықтар мұқият талданып, жүйелендіріліп, отандық және шетелдік ғылыми деректермен салыстырылды, бұл олардың сенімділігі мен практикалық маңыздылығы туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Осылайша, диссертацияның теориялық ұстанымдары тек логикалық тұрғыдан құрылымды және өзара байланыста ғана емес, сонымен қатар нақты эмпирикалық деректерге негізделген, бұл олардың ғылыми құндылығы мен негізділігін растайды және кардиологиялық реабилитация практикасына енгізу мен әрі</p>
	<p>1) ия;</p>	
	<p>2) жоқ.</p>	

			қарайғы зерттеулер үшін сенімді негіз болып табылады.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <b>расталған</b> / ішінара расталған / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста отандық және шетелдік әдебиеттердің 136 дереккөзі қолданылып, олардың өзектілігі мен сенімділігі қамтамасыз етілген.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <b>жеткілікті</b> /жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста қолданылған дереккөздер әдебиеттерді толыққанды шолу жүргізу үшін жеткілікті көлемді және өзекті болып табылады. Олар отандық және шетелдік басылымдардың кең спектрін қамтиды, соның ішінде ғылыми мақалалар мен конференция материалдары бар, бұл зерттеліп отырған мәселені жан-жақты қарастыруға, бар тәсілдер мен әдістерді анықтауға, сондай-ақ тақырыптың өзектілігі мен жаңашылдығын негіздеуге мүмкіндік береді. Осы дереккөздерді негізді пайдалану зерттеуге сенімді теориялық базаны қамтамасыз етіп, жасалған қорытындылардың сенімділігін растайды.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Зерттеу нәтижелері сәйкес тақырыпқа арналған арнайы оқу бағдарламалары мен оқу құралдарында қолдануға ұсынылады.
		<b>1) бар;</b>	
		2) жоқ.	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	
		<b>1) ия;</b>	
2) жоқ.			
			Жүргізілген зерттеудің практикалық маңызы жоғары деңгейде және алынған нәтижелерді клиникалық тәжірибеде тікелей қолдану мүмкіндігімен расталады. Диссертациялық жұмыстың материалдары кардиологиялық стационарларда, реабилитациялық орталықтарда және басқа да медициналық ұйымдарда жүрекке ашық отадан кейінгі

			<p>науқастарға жүйелендірілген оңалту бағдарламаларын ұйымдастыруда тиімді пайдаланылуы мүмкін. Өзірленген әдістемелік тәсілдерді қолдану медициналық көмек сапасын арттыруға, пациенттердің физикалық жағдайы мен психоэмоционалдық денсаулығын жақсартуға, сондай-ақ еңбекке қабілеттілік пен өмір сүру деңгейін қалпына келтіру үдерістерін оңтайландыруға ықпал етеді. Осылайша, зерттеу нәтижелері тек теориялық құндылыққа ие емес, сонымен қатар денсаулық сақтау саласы үшін нақты практикалық маңыздылықты көрсетеді.</p>
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған практикалық ұсынымдар толық жаңашыл сипатқа ие болып, клиникалық қолданудағы тиімділігі дәлелденген. Олар арнайы кардиологиялық және реабилитациялық мекемелерде сәтті енгізіліп, енгізу актілерімен рәсімделген, бұл олардың нақты құндылығы мен қолданылу мүмкіндігін растайды. Осы ұсынымдар жүрекке ашық отадан кейінгі оңалту үдерісін жүйелеуге, науқастардың физикалық және психоэмоционалдық дайындықтарын оңтайландыруға, өмір сапасын жақсартуға және еңбекке қабілеттілікті қалпына келтіру процесін бақылауға мүмкіндік береді. Осылайша, ұсынылған әдістемелік шешімдер ғылыми тұрғыдан негізделіп қана қоймай, медициналық практика үшін жоғары практикалық маңыздылыққа ие.</p>
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	

		<p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Диссертациялық жұмыс мемлекеттік тілде орындалған және академиялық стильдің жоғары деңгейімен сипатталады. Мәтін логикалық құрылымдалған, ғылыми дәлдікпен тұжырымдалған және материалды түсінікті түрде ұсынған, бұл оқырманға күрделі ғылыми ұғымдарды жеңіл қабылдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, жұмыс ғылыми этика мен академиялық дұрыстық нормаларын сақтайды, бұл автордың жоғары кәсіби деңгейін және дайындалған зерттеудің сапасын айқындайды.</p>
11.	Диссертацияға ескертулер		<p>Диссертациялық жұмыс толық аяқталған ғылыми еңбек болып табылады және ескертпелер орын алған жоқ.</p>
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		<p>Автордың мақалалары жоғары беделге ие рецензияланған ғылыми басылымдарда жарияланған және Scopus, Web of Science сияқты халықаралық деректер базаларында индекстелген. Бұл факт жүргізілген зерттеудің маңызды әрі өзекті екенін растап қана қоймай, алынған ғылыми нәтижелердің халықаралық деңгейде мойындалғанын және қазіргі заманғы академиялық жариялау стандарттарына сәйкес екенін көрсетеді.</p>
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		<p>Ғылыми жаңашылдығы мен практикалық маңыздылығы, сондай-ақ қорғауға шығарылған қорытындылары мен ұстанымдары бойынша кемшіліктер анықталмағандықтан, зерттеу өзектілігін, ғылыми жаңашылдығын және алынған нәтижелердің практикалық маңыздылығын ескере отырып, Молдир Қанатовна</p>

			Байболованын «Жүрекке ашық отадан кейінгі науқастарда жүрек оңалтуының жүйелі бағдарламасындағы жаттығулардың әдістемелік аспектілері» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы толыққанды ғылыми зерттеу болып табылады және 8D10110 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін қойылатын талаптарға толық сәйкес келеді.
--	--	--	--

**Ресми рецензент:**

**С. Ж. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университеті,  
медицина ғылымдарының докторы,  
кардиология кафедрасының профессоры.**

**/қолы бар/**

**Г.А. Джунусбекова**

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
Он бесінші желтоқсан екі мың жиырма бесінші жыл  
Құжаттың орыс тілінен қазақ тіліне аударма мәтінін аудармашы Кенжетаева Диана Серикболовна орындады.

Қолы

Кенжетаева Диана Серикболовна

ИП «TRANSLATION SERVICES PRO»  
ЖСН/ИИН 890416450513  
Кенжетаева Диана  
Аудармашы/Переводчик  
Сот: +7 747 580 89 48

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы  
Он бесінші желтоқсан екі мың жиырма бесінші жыл, мен Мусатаева Айгерим Максатовна, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің берілген №21015147-саны 15 сәуірде 2021 жылы лицензиясының негізінде әрекет жасаушы Алматы қаласы нотариусы аудармашының Кенжетаева Диана Серикболовнаның қолының түпнұсқалығын куәландырамын. Аудармашының жеке басы анықталды, қабілеттілігі және өкілеттілігі тексерілді.

Тізілімде № 10597 тіркелді

Өндірілді: 2084 теңге

Нотариус



Самт



Немірленген және баулықталған  
Трансумеровано и прошифровано  
Нотариус паракталған



ST7107106251215130132E934506

Нотариаттық іс-әрекеттің бірегей нөмірі / Уникальный номер нотариального действия